

FTAXP 06.71.57
ЭОЖ 338.486

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-129-137>

М.К. ТУЛЕУБАЕВА,*¹

э.ғ.к., профессор ассистенті.

*e-mail: mika75.75@mail.ru

Р.М. РАХИМБАЕВА,²

э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: roza_madjarova68@mail.ru

М.Т. БАЙМУХАНОВА,³

э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: b.maya79@mail.ru

Г.У. МАКЕНОВА,⁴

э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: makenovagulsim3@gmail.com

¹Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу униаерситеті,

Қазақстан, Алматы қ.

²эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ.

³Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Қазақстан, Атырау қ.

⁴Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ПАНДЕМИЯНЫҢ ӘЛЕМДЕГІ ҮЗДІК БРЕНДТЕРГЕ ӘСЕРІ

Андатпа

Пандемия мындаған бизнеске кері әсерін тигізді, бірақ көптеген әлемдік бренд компаниялары қалыптасқан жағдайға бейімделіп, өздерінің стратегиясын өзгерту нәтижесінде үлкен табыстарға қол жеткізіп отыр. Әлемдік бренд компаниялары пандемия мен оқшаулау кезінде нарықтық капиталдандыруды 12%-дан 565%-ға дейін арттыра алды. Мақалада «Әлемдегі 100 үздік» рейтингіне кіретін компаниялардың нарықтық капиталдандыруына, аймақтар бойынша ірі компаниялардың көлемі мен оның өзгерісіне, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Канада, АҚШ, Франция, Қытай сияқты елдердің нарықтық капиталының өзгеруі талданды. Талдау барысында автор «Әлемнің 500 үздік компаниясы», «Әлемнің 100 үздік компаниясы» баяндамаларына, «Әлемдік бәсекеге қабілеттілік индексі» Дүниежүзілік экономикалық форумның материалдарына шолу жасады. Әлем бойынша ең үздік компаниялардың нарықтық капиталына талдау жүргізу кезінде, ақпарат жинау және қажетті материалды тиімді іздеу, топтау, өңдеу және жалпылау сияқты жалпы логикалық әдістер, халықаралық ұйымдар мен рейтингтердің материалдарын салыстыру, сондай-ақ зерттеуші-ғалымдардың еңбектері қолданылды. Салыстырмалы әдіс бойынша талдау АҚШ-тың үздік Apple Inc, Microsoft Corp, Amazon.com Inc компанияларының, Қытайдың алпауыт компаниялары: Tencent, Alibaba GRP-ADR, Kweichow Mouta; Жапонияның үздіктері: Toyota Motor, Sony Group Corp; неміс компаниялары (Volkswagen AG) мен танымал француз компанияларының (L'oreal) және т.б. мысалында жасалды.

Тірек сөздер: экономика, нарықтық капитал, пандемия, брендтер, рейтинг, капитал, компания, аймақтар.

Кіріспе

Пандемия брендтер бойынша әлемдік рейтингте өзіндік түзетулер енгізді. 2001 ж. рейтингтің бірінші жылындағы әлемнің үздік 100 брендінің жиынтық бренд құны 988 287 млрд долларды құрады.

Бүгінде, 2021 ж. наурыз айындағы жағдай бойынша, әлемдегі ең үздік 100 брендтің жиынтық бренд құны 10,3 трлн долларды құрады, яғни жалпы құны 48%-ға өсті. 2020 ж. наурызынан 2021 ж. наурызына дейін компания капитализациясы 31,7 трлн долларға жетті [1].

2021 ж. келесідей салалар үздік брендтердің қатарында жатады: Alcohol, Business Services, Automotive, Beverages, Electronics, Apparel, Diversified, Financial, Services, Energy, Logistics,

FMCG, Media, Restaurants, Sporting, Goods, Technology, Telecom Services, Tobacco, Toys & Games және басқалары.

Соңғы бірнеше жылда электронды коммерция қарқын алып, пандемия кезінде электрондық коммерция екі есе өсті. Мысалы, 2019 ж. американдық Amazon компаниясы электронды коммерция нарығында әлемдегі ең ірі болды, бұл компанияның бас кеңсесі Сиэтлде орналасқан. Американдық Amazon компаниясының нарықтық құны 2019 ж. 125 363 млрд долларды құрады [2].

Amazon өз стратегиясын өзгертті және бұл қадамдар компанияға үлкен пайда әкелді, компания электронды коммерцияда көшбасшы бола алды. 2005 ж. Amazon Prime іске қосылды, бұл жылдам жеткізу қызметі болды. 2007 ж. электрондық кітаптарды оқу жүйесі, Kindle жүйесі іске қосылды [2].

Apple компаниясы 2021 ж. әлемдегі ең құнды бренд, бренд капитализациясы 263,4 млрд долларды құрайды.

Brand Finance Global 500 деректері бойынша Amazon компаниясы 2020 ж. екінші орынды иеленді, бренд құны өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға көтеріліп, 254,2 млрд долларға өскен [3].

Әдістер

Талдау барысында түрлі анализдеу мен синтездеу, салыстырмалы аналитикалық, ғылыми жалпылау әдістері, сонымен қатар, қазақстандық және шетел ғалымдарының, халықаралық ұйымдардың материалдары мен еңбектерін салыстыруға мүмкіндік беретін жалпы логикалық әдістер қолданылды.

Негізгі ережелер

Пандемия кезінде еуропалық компаниялар ең қатты зардап шекті, 2020 ж. өнімділігі 25%-ға төмендеп, 956 млрд долларға жетті. Ал Қытай мен оның аймақтары 14%-ға артып, 355 млрд долларға жетті. Дүние жүзі бойынша орташа алғанда, құлдырау 15%-ды құрап, 3,905 млрд долларды құрады.


Отандық зерттеушілер еңбектерінде 2015 жылдан 2020 жылға дейінгі (наурыз) әлемдегі жаһандық компаниялардың нарықтық капиталдандыруы, 2009–2020 жж. дейінгі (наурыз) әртүрлі кіріс деңгейлері бар, әлемдегі негізгі брендтер қарастырылған [4].

Сонымен қатар, американың үздік брендтері 2020 ж. (наурызда) өз рейтингтерін қалпына келтіріп, капиталдандыру деңгейін, атап айтқанда, Amazon 38%-ға, Microsoft Corp 25%-ға және Apple Inc 41%-ға арттыратындығын пайымдайды [5].

Талқылау

Әрі қарай, үш алпауыт мемлекеттің үздік компанияларын қарастырамыз.

1-суретте 2020 ж. маусым айындағы АҚШ, Жапон және Гонконг аймақтары бойынша әлемнің ең үздік компанияларының нарықтық капиталдандыруына талдау жасалады.



Сурет 1 – [6] АҚШ, Жапон, Гонконг елдерінің үздік компаниялары, 2020 ж.

1-суретте берілген мәліметтерді негізге ала отырып, 2019–2020 жж. аралығында американдық компаниялардың нарықтық капиталдандыруы –15 трлн 947 млрд доллар, Жапония компаниялары – 409 млрд доллар, Гонконг компаниялары – 249 млрд долларға арттырған [6]. Пандемия уақыты барлық компаниялар үшін үлкен сынаққа айналды, бірақ пандемия тудырған өзгерістерге компаниялар тез бейімделе алды.

Әрі қарай, 2020 ж. наурыздан 2021 ж. наурызға дейінгі уақыттағы әлемнің үздік брендтерін қарастырып, оларға талдау жасаймыз. 2021 ж. шектеулер алынып, жеңілдіктер енгізілгеннен кейін компаниялар сату көлемін арттыра бастады. Мысалы, Жапония, Біріккен Корольдік, Германия, Канада, АҚШ, Франция, Қытай және басқа да елдерінің компаниялары 2020–2021 жж. наурыз айына дейінгі мәліметтерге сәйкес, үздік компаниялардың нарықтық капитализациясын өсіруге мүмкіндіктері әр мемлекет бойынша жеке талданады.

Мысалы, Жапония елінің үздік компанияларының 2021 ж. 31 наурызына сәйкес нарықтық капиталдандыруы 567 млрд долларды құрады, атап айтқанда: Toyota Motor Company – 254 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 29%), Soft Bank Group S. – 176 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 140%), Sony Group Corp – 132 млрд долл. (2020 ж. өзгерісі 76%) [7].

Біріккен Корольдік аймағының үздік компаниялары 2021 ж. 31 наурызына сәйкес нарықтық капиталдандыруы 425 млрд долларды құрады, атап айтқанда: Unilever Plc – 147 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 12%), Linde Plc – 146 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 59%), Astrazeneca Plc – 131 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 12%) [7].

Германия елінің үздік компаниялары 2021 ж. 31 наурызына сәйкес нарықтық капиталдандыруы 456 млрд долларды құрады, мысалы, Volkswagen AG – 165 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 165%), Sap SE – 151 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 10%), Siemens AG-REG – 140 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 97%).

Канада елінің үздік компаниялары 2021 ж. 31 наурызына сәйкес нарықтық капиталдандыруы 131 млрд долларды құрады, мысалы Royal Bank OF CA – 131 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 50%) [7].

Америка Құрама Штаттары елінің үздік компанияларының нарықтық капиталдандыруы 2021 ж. 31 наурызына сәйкес 20 549 трлн долларды құрады, мысалы, Apple INC – 2,051 трлн доллар (2020 ж. 84%), Microsoft Corp. – 1,778 трлн доллар (2020 ж. өзгерісі 48%), Amazon.Com INC – 1,558 трлн долларды құрады (2020 ж. өзгерісі 61%) [7].


Франция елінің үздік компанияларының 2021 ж. 31 наурызы бойынша нарықтық капиталдандыруы 552 млрд долларды құрап отыр, мысалы, Lvmh Moet Henne – 337 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 80%), L'oreal – 215 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 47%) [7].

Қытай елінің үздік компанияларының 2021 ж. 31 наурыз бойынша нарықтық капиталдандыруы 3,373 трлн долларды құрайды, мысалы, Tencent – 753 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 61%), Alibaba GRP-ADR – 615 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 18%), Kweichow Mouta – 385 млрд доллар (2020 ж. өзгерісі 95%) [7].

Нарықтық капиталдандыру бойынша талдау негізінде 2021 ж. наурызында өңірлер бойынша үздік компаниялар қатарына АҚШ пен Қытайдың компаниялары кірді, олар компаниялар арасында «Үздіктердің үздіктері», АҚШ-тың үздік компанияларының нарықтық капиталдандыруы 20 549 трлн долларды, ал Қытайдың үздік компаниялары 3 373 трлн долларды құрады. Әлемдегі шектеулер мен пандемияға қарамастан, барлық үздік компаниялар өз нарықтық капиталын 2020 ж. салыстырғанда 12%-дан 95%-ға дейін көтеріп отыр [7].

Әрі қарай, 2-суретте 2020 ж. наурыз айынан 2021 ж. наурыз айына дейінгі әлемдегі 100 үздік компанияның салалық көрсеткіштерін қарастырамыз.

2-суреттегі салалық деректерге сүйене отырып, негізгі материалдар, технология, өнеркәсіп сияқты салалардың басқа салалармен салыстырғанда алда екендігін анықтады. Аталған мәліметтерге сәйкес, денсаулық сақтау, энергетика және коммуналдық шаруашылық сияқты салалардың әлсіздігі мен артта қалғандығын көре аламыз.



Сурет 2 – Әлемдегі 100 үздік компанияның салалық көрсеткіштері 2020–2021 жж. (наурыз) [8]

3-суретте 2021 ж. (наурыз) сәйкес, әлемдегі 100 үздік компанияның нарықтық капиталдандыруын қарастырамыз.



Сурет 3 – Әлемдегі 100 үздік компанияның нарықтық капиталдандыруы (наурыз 2021 ж.) [8]

3-суреттегі мәліметтерге сәйкес, 2015–2021 жж. аралығында үздік компаниялардың нарықтық капиталдандырылуы 15 трлн 495 млрд долларға (95,4%) өскен.

Әрі қарай, 1-кестеде Үздік 100 компанияның аймақтар бойынша нарықтық капиталдандыруын талдаймыз (2020–2021 жж. наурыз).

Кесте 1 – Үздік 100 компанияның аймақтар бойынша нарықтық капиталдандыруы, 2021 ж.

Аймақтар	млрд доллар	%
АҚШ	7,456	57
Европа	523	18
Қытай және оның аймақтары*	1,244	42
Басқа да аймақтар	1,046	42
Барлығы	10,269	48
* Қытай және оның аймақтарына: Материктік Қытай, САР Гонконг, Тайвань		
Ескертпе – [8] дереккөз негізінде құрастырылған.		

1-кестедегі деректерге сүйене отырып, аймақтар арасындағы көшбасшы АҚШ болып отыр, 2021 ж. наурыз айындағы өсімі 57% (2020 ж. өзгерісі).

Жалпы алғанда, Үздік 100 компанияның нарықтық капиталдандыруы 2021 ж. наурызға дейін бір жылда 48%-ға өсіп, 31,7 трлн долларды құрайтын рекордтық нарықтық капиталдандыруға жетіп отыр [8].

2021 ж. американдық Apple компаниясы нарықтық капиталдандыру бойынша әлемдегі ең үздік компания атағын иеленді, Saudi Aramco компаниясы 2 орынды және Microsoft 3 орынды иеленді.

Apple компаниясының нарықтық капиталдандыруы 2021 ж. қаңтарында ең жоғары деңгей – 2,4 трлн долларға жетті [8].


Amazon компаниясының нарықтық капиталдандыруы 2020–2021 жж. 61%-ға өсті, бірақ Amazon 4-ші орыннан көтеріле алмады [8].

Tesla компаниясының нарықтық капиталдандыруы 2020 ж. наурызда 96 млрд доллардан, 2021 ж. наурызға дейін 641 млрд долларға көтерді, яғни компания капиталдандыруды 5,6 есеге (565%) арттырды [8].

Фольксваген компаниясының 2021 ж. наурызға сәйкес, нарықтық капиталдандыруы 165 млрд долларды құрап, 2020 ж. наурызда 165%-ға арттырып, әлемдегі ең үздік 100 компанияның рейтингісіне көтеріле алды [8]. Инвесторлардың күшті қолдауы мен электрлі көліктерге тұтынушылық сұраныстың артуы арқасында компания әлемдік нарықта өз орнын ала алды.

Капиталдандыруын көтере алған Boeing компаниясы, пандемия кезіндегі шектеулерге қарамастан нарықтық капиталдандыруын 2020 ж. наурыздан 2021 ж. наурызына дейін 77%-ға арттырған [8].


4-суретте 2009–2021 жж. бойынша әлемдегі 100 үздік компанияның аймақтар бойынша нарықтық капиталдандыруы бойынша берілген.



Сурет 4 – Аймақтар бойынша компаниялардың нарықтық капиталдандыруы (2009–2021 жж.) [9]

4-суреттегі деректерге сүйене отырып, 2009–2021 жж. АҚШ аймақтарындағы өсім – 540%, Еуропада – 152,1%, Қытай мен оның аймақтарында – 316,9%-ға өзгергендігін анықтадық.

5-суретте 2009 және 2021 жж. сәйкес әлем бойынша аймақтардағы үздік компаниялар саны берілген.



Сурет 5 – Әлем бойынша аймақтардағы үздік компаниялар саны (2009–2021 жж.) [8]

Аймақтық диаграмма деректеріне сүйене отырып, 2009 және 2021 жж. айтарлықтай өзгерістер болған. Егер 2011 ж. АҚШ-та – 38, Еуропада – 31, Қытай мен оның аймақтарында 12, қалған аймақтарда 19 компания болса, ал 2021 ж. наурыз айына сәйкес, аталған аймақтардағы компаниялардың саны өзгерді, мысалы, АҚШ-та – 59 (өсім 40,5%), Еуропада – 18 (58,1%-ға төмендеу), Қытайда және оның аймақтарында – 14 (өсім 27,3%), қалған аймақтарда олардың саны 9 (56,3%-ға төмендеу) құрайды. Пандемия кезінде еуропалық компаниялар қатты зардап шегіп, компаниялар саны 58,1%-ға төмендеді.

Келесі кезекте, компаниялардың нарықтық капиталдандыру бойынша 2020–2021 жж. арналған әлемдегі ең үздік 15 мемлекетті, осы аймақтардағы компаниялардың 2020–2021 жж. бойынша деңгейіне, санына талдау жасаймыз.

Кесте 2 – Үздік 15 мемлекеттің нарықтық капиталдандыруы, 2020–2021 жж.

Аймақтар	Компания саны, 2020 ж.	Нарықтық капитал дандыру, 2020 ж. (млрд доллар \$)	Компания деңгейлері	Компания саны, 2021 ж.	Нарықтық капитал-дандыру, 2021 ж. (млрд доллар \$)	Компания деңгейлері	Өзгерісі, 03. 2020–03. 2021 жж., %
АҚШ	57	13,164	1	59	20,549	1	56
Қытай	14	2,872	2	14	4,188	2	46
Сауд Арабиясы	1	1,602	3	1	1,920	3	20
Швейцария	3	795	4	3	816	4	3
Біріккен Корольдігі	6	340	7	3	425	10	25
Франция	4	334	8	2	552	7	65
Жапония	3	345	6	3	563	6	63
Нидерланды	3	361	5	1	584	5	62
Оңтүстік Корея	1	234	10	1	431	9	84
Ирландия	2	225	11	2	335	12	49
Үндістан	2	185	12	2	341	11	84
Дания	1	144	13	1	160	14	11
Германия	1	269	9	3	456	8	69
Бельгия	1	90	14	1	128	16	42
Канада	1	87	15	1	131	15	50
Ескертпе – [10,11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.							

2-кесте деректеріне сүйене отырып, 2021 ж. наурыз айындағы алғашқы үштікке АҚШ, Қытай және Сауд Арабиясы иеленіп отыр. Аталған аймақтарды өткен жылмен салыстыратын болсақ, онда АҚШ –56%-ға, Қытай – 46%-ға және Сауд Арабиясы – 20%-ға өз рейтингін көтерген. Оңтүстік Корея, Германия, Франция, Нидерланды және Жапония сияқты елдер капиталдандыруды 65%-дан 84%-ға дейін арттыра алды. Ал Швейцария капиталдандырудың ең төменгі өсуін көрсетіп отыр, яғни 3%-ға тең. Бұл Еуропа елдері арасындағы ең нашар көрсеткіш.

Нәтижелер

Берілген 2020–2021 жж. мәліметтерге сәйкес, әлемдік дағдарысқа қарамастан американдық компаниялардың пандемия кезіндегі нарықтық капиталдандыруының артуы, Apple, Amazon, Tesla компанияларының ең жоғарғы деңгейге ие болғандығын дәлелдеп отыр.

АҚШ-тың 59 үздік компаниясы 20 трлн 549 млрд доллар, Қытай және оның аймақтары – 4 трлн 180 млрд доллар және Сауд Арабиясы – 1 трлн 920 млрд доллар нарықтық капиталдан-дыру деңгейін арттырып, аталған үш мемлекеттің қарқынды дамуына көз жеткізіп отырмыз. Сонымен қатар, салалық көрсеткіштер жағынан 100 үздік компанияның денсаулық сақтау, энергетика және коммуналдық шаруашылық сияқты салалардың әлсіздігі мен артта қалғандығы белгілі болды.

Қорытынды

Қалыптасып отырған пандемияның әсерінен қалпына келу уақытын белгілей отырып, Әлемдік Банктің 2022–2023 жж. арналған болжамына сәйкес, 2022 ж. әлем бойынша – 4,3–3,1%-ға, дамыған елдерде – 4,0–2,2%-ға, дамушы елдерде – 4,7–4,4%-ға дейінгі өсудің болатынын баяндап отыр [12].

Мақаламызды қорыта келе, үздік компаниялар шектеу кезінде де, шектеу шараларын алып тастағаннан кейін де нарықтық капиталдандырудың күшті қалпына келуін көрсетіп отыр. Мыңдаған компаниялар пандемия уақытында банкроттыққа ұшырап, жұмыссыздар санын көбейтті, елдер арасында әлеуметтік-экономикалық мәселелердің күрделенуіне әкелді. Бірақ, әлемдік нарықта қалыптасып отырған брендтік компаниялардағы өзгерістерді шешудің бірден-бір құралы – бизнесті ұйымдастырудың тиімді жолдарын пайдаланып, бейімделу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html>
- 2 BrandFinanceGlobal 500, 2019.
- 3 Brand Finance Global 500, 2021.
- 4 Макенова Г.У., Сералы А. Позиции ведущих международных брендов во время пандемии // Матер. Республиканской научной онлайн-конференции «Наука и новое поколение–2021», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан. 16 апреля 2021 г. – С. 198.
- 5 Рахимбава Р.М., Макенова Г.У. Пандемияның халықаралық туризмге әсері // Вестник университета «Туран». – 2021. – № 4(92). – С. 170.
- 6 Brand Finance Plc 2021, P. 49.
- 7 Анализ Bloomberg и PwC. URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html>
- 8 PwC| Global Top 100 companies by market capitalization. P. 4, 5, 9, 12.
- 9 URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html> Global Top 100 companies. March 2021. P. 9.
- 10 URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html> Global Top 100 companies. March 2021. P. 10, 11, 12.
- 11 Global Top 100 companies by market capitalisation. 2020. P 12. URL: <https://www.pwc.com/gx/en/audit-services/publications/assets/global-top-100-companies-2020.pdf>
- 12 Перспективы мировой экономики. – 2021. URL: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/publication/global-economic-prospects>

REFERENCES

- 1 URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html>
- 2 BrandFinanceGlobal 500, 2019.
- 3 Brand Finance Global 500, 2021.
- 4 Makenova G.U., Seraly A. Pozicii vedushhih mezhdunarodnyh brendov vo vremja pandemii // Mater. Respublikanskoj nauchnoj onlajn-konferencii «Nauka i novoe pokolenie–2021», posvjashhennoj 30-letiju Nezavisimosti Respubliki Kazahstan. 16 aprelja 2021 g. P. 198.
- 5 Rahimbava R.M., Makenova G.U. (2021) Pandemijanyñ halykaralyk turizmge әseri // Vestnik universiteta «Turan». No. 4(92). P. 170.
- 6 Brand Finance Plc 2021, P. 49.

- 7 Analiz Bloomberg i PwC. URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html>
- 8 PwC| Global Top 100 companies by market capitalization. P. 4, 5, 9, 12.
- 9 URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html> Global Top 100 companies. March 2021, P. 9.
- 10 URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/publications/global-top-100-companies.html> Global Top 100 companies. March 2021. P. 10, 11, 12.
- 11 Global Top 100 companies by market capitalisation. 2020. P 12. URL: <https://www.pwc.com/gx/en/audit-services/publications/assets/global-top-100-companies-2020.pdf>
- 12 Perspektivy mirovoj jekonomiki, 2021. URL: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/publication/global-economic-prospects>

М.К. ТУЛЕУБАЕВА,*¹

к.э.н., ассистент-профессор.

*e-mail: mika75.75@mail.ru

Р.М. РАХИМБАЕВА,²

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: roza_madjarova68@mail.ru

М.Т. БАЙМУХАНОВА,³

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: b.maya79@mail.ru

Г.У. МАКЕНОВА,⁴

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: makenovagulsim3@gmail.com

¹Казахский национальный исследовательский
технический университет им. К.И. Сатпаева,

Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет им аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы

³Атырауский университет им. Х. Досмухамедова,
Казахстан, г. Атырау

⁴Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы

ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ НА ЛУЧШИЕ БРЕНДЫ МИРА

Аннотация

Пандемия оказала негативное влияние на тысячи предприятий, но многие глобальные брендовые компании адаптировались к ситуации и добились больших успехов в результате изменения своей стратегии. Компании мировых брендов смогли увеличить свою рыночную капитализацию с 12% до 565% во время пандемии и изоляции. В статье анализируется рыночная капитализация компаний, входящих в рейтинг «100 лучших в мире», размер крупных компаний в регионе и его изменение, изменение рыночного капитала таких стран, как Япония, Великобритания, Германия, Канада, США, Франция, Китай. В ходе анализа автор рассмотрел отчеты «500 лучших компаний мира», «100 лучших компаний мира», материалы Всемирного экономического форума «Индекс конкурентоспособности мира». При анализе рыночной капитализации лучших компаний мира использовались общие логические методы для сбора информации и эффективного поиска, группировки, обработки и обобщения необходимого материала, сравнения материалов международных организаций и рейтингов, а также работы ученых-исследователей. По сравнительному методу анализ проводился на примере лучших компаний США: AppleInc., MicrosoftCorp, Amazon.somInc.; китайских гигантов: Tencent, Alibaba GRP-ADR, KweichowMouta; лучших компаний Японии: ToyotaMotor, SonyGroupCorp; немецких компаний (Volkswagen AG) и известных французских компаний (L'oreal) и др.

Ключевые слова: экономика, рыночный капитал, пандемия, бренды, рейтинг, капитал, компания, регионы.

M.K. TULEUBAYEVA,*¹

c.e.s., assistant professor.

*e-mail: mika75.75@mail.ru

R.M. RAKHIMBAYEVA,²

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: roza_madjarova68@mail.ru

M.T. BAIMUKHANOVA,³

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: b.maya79@mail.ru

G.U. MAKENOVA,⁴

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: makenovagulsim3@gmail.com

¹Kazakh National Research Technical Institute
named after K.I. Satpayev, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Kazakhstan, Atyrau

⁴Narxoz University, Kazakhstan, Almaty

IMPACT OF THE PANDEMIC ON THE WORLD'S BEST BRANDS

Abstract

The pandemic has negatively impacted thousands of businesses, but many global brand companies have adapted to the situation and have made great strides by changing their strategies. Global brand companies were able to increase their market capitalization from 12% to 565% during the pandemic and isolation. The article analyzes the market capitalization of companies included in the "100 best in the world" rating, the size of large companies in the region and its changes, changes in the market capital of countries such as Japan, UK, Germany, Canada, USA, France, China. In the course of the analysis, the author reviewed the reports of the "500 best companies in the world", "100 best companies in the world", materials of the World Economic Forum "World Competitiveness Index". When analyzing the market capitalization of the best companies in the world, general logical methods were used to collect information and effectively search, group, process and summarize the necessary material, compare materials of international organizations and ratings, as well as the work of research scientists. According to the comparative method, the analysis was carried out on the example of the best US companies: Apple Inc., Microsoft Corp, Amazon. com Inc., Chinese giants: Tencent, Alibaba GRP-ADR, Kweichow Mouta, the best in Japan: Toyota Motor, Sony Group Corp, German companies like Volkswagen AG and famous French companies like L'oreal and others.

Key words: economy, market capital, pandemic, brands, rating, capital, company, region.